

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 35 және "Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 36 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 қыркүйектегі № 957 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2014 № 103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 35 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 1 2 , 2 1 7 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларында: 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) асыл тұқымды малдың үлес салмағын және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділік сапасын арттыру мақсатында отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан құралған, жалпы табында асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тауар өндірушілер), мал шаруашылығындағы асылдандыру ісі жөніндегі республикалық мал тұқымын асылдандыру орталығына (бұдан әрі – республикалық мал тұқымын асылдандыру орталығы), қостанай жылқы тұқымы жөніндегі асыл тұқымды жылқы зауытына, етті құс шаруашылығы жөніндегі асыл тұқымды репродукторға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат және іс-шаралар есебінен және шегінде бюджеттік субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін

а й қ ы н д а й д ы . » ;

2-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тауар өндірушілердің ірі қара малдың асыл тұқымды және селекциялық төлін сатып алуы ;

2) аналық ірі қара мал және қой басының сапалық құрамын жақсартуға бағытталған селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар;

3) тауар өндірушілер ұрпағының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығын сатып алуы мен пайдалануы және эмбриондарды телу;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 6 . М ы н а л а р :

1) бұрын арзандатылған, сондай-ақ айырбас бойынша өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған немесе өнімділігін молайту мақсатында пайдаланылмайтын асыл тұқымды және селекциялық төл, құс шаруашылығы өнімі, тұқымдық бұқа ұрығы, эмбриондар;

2) ағымдағы жылы субсидияланған селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге арналған аналық мал басы, күтіп-бағуға арналған жалпы табында шағылыстыру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқалар;

3) шет елден әкелінген, индекстік жүйе бойынша бағаланбаған (Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Украинадан әкелінген асыл тұқымды төлді қоспағанда) асыл тұқымды ірі қара мал төлі; шет елден әкелінген, өзінің өнімділігі немесе ұрпағының сапасы бойынша бағаланбаған асыл тұқымды б ұ қ а л а р ;

4) сіңіре будандастыруды қоспағанда, тұқымсыз, асыл тұқымды өзге де тұқымдармен бағаланбаған тұқымдық бұқалармен шағылыстыру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды сиырлар мен қашарлар;

5) зоотехникалық нормативтерге сәйкес асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың болуы, оларды өз төлін өсіру үшін пайдалану және алмастыру (отыз бас шағылыстыру контингентіне бір бұқадан кем болмауы, бұқаны қатарынан екі шағылыстыру кезеңінен артық пайдаланбау) талабын сақтамау кезінде тұқымдық түрлендіруге қатысатын тауарлы табынның барлық аналық басы субсидиялауға ж а т п а й д ы . » ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тауар өндірушілер өтінім берген субсидиялар көлемі бөлінген субсидиялар көлемінен артқан жағдайда, басым тәртіппен (басымдықтың азаюы т ә р т і б і н д е) :

1) асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малдың төлін сатып алуға;

2) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге;

3) асыл тұқымды қой төлін сатып алуға өтінімдер қанағаттандырылады.

Қаражат қалдығы берілген өтінімдердегі тиесілі субсидиялар көлеміне сәйкес

пропорционалды түрде бөлінеді. Тауар өндірушіге тиесілі субсидиялардың төленбеген қалдығы оған келесі айдың (айлардың) бос қаражатынан олар болған жағдайда төленетін болады.»;

9- тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) облыс бойынша субсидиялар төлеу жөніндегі тоқсандық есеп нысаны»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі және облыс әкімдері жыл сайын 20 қаңтарға дейінгі мерзімде асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған облыстың жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспары бар келісімге қол қояды.»;

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Облыс әкімі осы қағидалар ресми жарияланғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде өзінің шешімімен облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары төрағалық ететін асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялау мәселелері жөніндегі облыстық комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Комиссияның құзыретіне тауар өндірушілердің өтінімдері бойынша айлар бойынша лимиттерді қаржыландыру жоспарында белгіленген шегінде және бағыттар басымдылығына сәйкес тиесілі бюджет ақшасының көлемін айқындау, министрлік бекіткен нысан бойынша жиынтық акті қалыптастыру және ақы төлеу шоттарының тізілімін келісу кіреді.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Тауар өндірушілер тиісті негіздердің туындауына қарай осы қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес субсидиялауға жататын нақты көлемге министрлік бекіткен нысан бойынша өтінімді осы қағидалардың 30-32-тармақтарына сәйкес құжаттардың толық пакетімен бірге бөлімге ұсынады. Тауар өндірушілер өтінімде көрсетілген деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Бөлім тауар өндірушінің берген өтінімдерін өтінімдерді тіркеудің тиісті журналында тіркейді.»;

20-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Бөлім өтінімдерді алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде құжаттар пакетін және тауар өндірушілерді осы қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне тексереді. Селекциялық және асыл тұқымды жұмысты жүргізуге өтінімді алғаш берген жағдайда бөлім көрсетілген мерзім ішінде тауар өндірушінің қызмет ету орнына шығады.»;

21, 22, 23, 24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Ұсынылған құжаттар осы қағидалардың талаптарына сәйкес келген және осы қағидаларда көзделген өтінімдерден бас тартуға негіздер болмаған жағдайда,

бөлім тауар өндіруші өтінімде ұсынған деректерді екі жұмыс күні ішінде: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми сайтындағы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ресми сайтындағы заңды тұлғалардың деректер қорынан тексеріп, өтінімді ветеринар дәрігер берген ветеринариялық қолайлылық туралы анықтамамен, ірі қара малға қатысты бағыттарды субсидиялау кезінде – селекциялық және асылдандыру жұмысының бірыңғай ақпараттық базасынан (бұдан әрі – АТЖ), «Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру» жүйесінен (бұдан әрі – АЖС) алынған үзінділерімен/есептермен толықтырады.

22. Бөлім тауар өндірушілердің асыл тұқымды төлді, құс шаруашылығы өнімдерін сатып алуы, селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүзеге асыруы, сондай-ақ тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуы туралы аудан әкімі бекітетін министрлік бекіткен нысан бойынша жиынтық акті жасайды. Бекітілген жиынтық акті екі аптада кемінде бір рет өтінімдер болған жағдайда басқармаға ұсынылады. Бөлім тауар өндірушінің өтінімін растау құжаттарының көшірмелерімен бірге үш жыл ішінде сақтайды. Бөлім басқармаға ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

23. Басқарма ауданның жиынтық актісін тиісті тіркеу журналында тіркейді. Басқарма үш жұмыс күні ішінде бөлімдер ұсынған жиынтық актілерді тауар өндірушілердің осы қағидалардың талаптарына сәйкестігі мәніне қарайды. Сәйкес келмеген жағдайда басқарма олар тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған жиынтық актілерді кері қайтару себептерін көрсете отырып, пысықтауға бөлімге қайтарады. Бөлім бес жұмыс күні ішінде басқармаға түзетілген және толықтырылған жиынтық актіні қайта енгізеді, ал ол мүмкін болмаған жағдайда – тез арада тауар өндірушіге қайтару себепін көрсете отырып, өтінімді қайтарады.

24. Сәйкес келген жағдайда басқарма көрсетілген мерзім ішінде аудандар бойынша жиынтық актілерді Комиссияның қарауына жібереді, ол отырыс қорытындысы бойынша министрлік бекіткен нысан бойынша тауар өндірушілерге тиесілі субсидиялар көлемін көрсете отырып, облыс бойынша жиынтық акті жасайды.

25. Комиссия төрағасы Комиссия ұсынған облыс бойынша жиынтық актіні үш жұмыс күні ішінде бекітеді.»;

27, 28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Басқарма ай сайын Комиссияның тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау нәтижелері туралы ақпаратты облыс әкімдігінің интернет-ресурсындағы арнайы бөлімде жариялайды және бөлімге аудан бойынша тауар өндірушілерге төленген бюджет ақшасының көлемі туралы ақпарат жібереді.

28. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал төлін сатып алуға,

тұқымдық бұқа ұрығын сатып алуға және эмбриондарды телуге, жүргізілген селекциялық және асылдандыру жұмыстарына, етті тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға алынған субсидиялар туралы мәліметтерді бөлім субсидиялар бөлінген әр малдың сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, басқармадан осындай ақпарат түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде А Т Ж - г е е н г і з у г е т и і с .

29. Басқарма ай сайын, есеп беру айынан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, бірақ 20 желтоқсанның кешіктірмей министрлікке облыс бойынша игерілген бюджеттік субсидиялардың есебін, тоқсан сайын – министрлік бекіткен нысан бойынша облыс бойынша субсидиялар төлеу жөніндегі тоқсандық есеп ұ с ы н а д ы . » ;

көрсетілген қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) «Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 36 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 12, 218-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) мал шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту, оның сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – тауар өндірушілер) қолдау мақсатында тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат және іс-шаралар есебінен және шегінде бюджеттік субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін айқындайды.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Субсидиялар тауар өндірушілерге:

1) есептік нөмірлері бар сою алаңдарында (пункттерінде) және қайта өңдеу кәсіпорындарында (цехтарында) сатылған немесе өңделген сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, сүт және биязы жүннің;

2) сатылған құс еті, тауарлық жұмыртқасы, қымыз және шұбаттың тек іс жүзіндегі көлеміне төленеді.»;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Субсидиялау бағдарламасына қатысушылар арасында субсидиялау көлемін айқындау бюджеттік бағдарламаны іске асыруға облысқа жеткізілген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.

10. Тауар өндірушілер өтінім берген субсидиялар көлемі осы айда бөлінген

субсидия көлемінен асып түскен жағдайда, осы қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген неғұрлым жоғары деңгей санатына жатқызылған тауар өндірушілердің өтінімдері басым тәртіппен қанағаттандырылады.

Бір санатқа жатқызылған тауар өндірушілер арасында қаражатты бөлу кезінде едәуір жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ететін заманауи технология бойынша өнімді өндіруді жүзеге асыратын тауар өндірушілер басым тәртіппен субсидияланады. Құс етін субсидиялау кезінде балғын суытылған құс етіне б а с ы м д ы қ б е р і л е д і .

Қаражат қалдығы берілген өтінімдерге тиесілі субсидия көлеміне сәйкес пропорционалды түрде бөлінеді. Тауар өндірушіге тиесілі субсидиялардың төленбеген қалдығы оған келесі айда (айларда) көзделген қаражаттан олар бар болған жағдайда төленеді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі және облыстар әкімдері жыл сайын 20 қаңтарға дейінгі мерзімде мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруға арналған облыстық жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспары бар келісімге қол қояды.»;

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Облыс әкімі осы қағидалар ресми жарияланғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде өзінің шешімімен облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары төрағалық ететін, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыру мақсатында субсидиялау мәселелері жөніндегі облыстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Комиссияның құзыретіне тауар өндірушілердің өтінімдері бойынша айлар бойынша, бағыттар басымдылығына сәйкес қаржыландыру жоспарында белгіленген лимиттері шегінде тиесілі бюджет ақшасының көлемін айқындау, тауар өндірушінің белгілі бір деңгейге сәйкестігін айқындау министрлік бекіткен нысан бойынша жиынтық актіні қалыптастыру және ақы төлеу шоттарының тізілімін келісу кіреді.»;

20-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Тауар өндірушілер тиісті негіздер туындауына қарай бөлімге субсидиялауға жататын нақты көлемдерге министрлік бекіткен нысан бойынша өтінімдерді осы қағидалардың 32-35-тармақтарына сәйкес растау құжаттарының толық пакетімен бірге ұсынады. Тауар өндірушілер өтінімде көрсетілген деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Бөлім өтінімді алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде құжаттар пакетін осы қағидаларға сәйкестігіне және тауар өндірушілердің осы

қағидалардың 5-7-тармақтарында көрсетілген өлшем-шарттар мен талаптарға сәйкестігі мәніне тексереді.

Бөлім көрсетілген мерзім ішінде мынадай жағдайларда:

1) жеке бағыт бойынша өтінімді алғаш рет бергенде;

2) өндіріс деңгейін арттырғанда;

3) жеке бағыт бойынша өтінім берілген көлемді өткен айдың өтінімінен жиырма пайыздан көп арттырғанда тауар өндірушінің қызмет ету орнына шығуды жүзеге асырады.

Толық емес құжаттар пакеті ұсынылған немесе өлшем-шарттар мен талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бөлім қайтару себептерін көрсете отырып, тауар өндірушілерге ұсынылған құжаттарын тез арада қайтарады.

Тауар өндірушілер түзетілген немесе толықтырылған өтінімді қайта енгізуге құқылы. » ;

25, 26, 27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Бөлім тауар өндірушінің белгілі бір деңгейге сәйкестігін анықтайды және аудан әкімі бекітетін бюджеттік субсидия алушылардың жиынтық актісін жасайды. Бекітілген жиынтық акт басқармаға екі аптада кемінде бір рет өтінімдер болған жағдайда ұсынылады. Бөлім тауар өндірушінің өтінімін растау құжаттарының көшірмелерімен бірге үш жыл ішінде сақтайды. Бөлім басқармаға ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

26. Басқарма ауданның жиынтық актісін тиісті тіркеу журналында тіркейді. Басқарма үш жұмыс күні ішінде бөлімдер ұсынған жиынтық актілерді тауар өндірушілердің осы қағидалардың талаптарына сәйкестігі мәніне қарайды. Сәйкес келмеген жағдайда, басқарма ұсынылған жиынтық актілерді оларды тіркеген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей кері қайтару себептерін көрсете отырып, бөлімге пысықтауға қайтарады. Бөлім бес жұмыс күні ішінде басқармаға түзетілген және толықтырылған жиынтық актіні қайта енгізеді, ал ол мүмкін болмаған жағдайда – тез арада тауар өндірушіге қайтару себептерін көрсете отырып, өтінімді қайтарады.

27. Сәйкес келген жағдайда, басқарма көрсетілген мерзім ішінде аудандар бойынша жиынтық актілерді Комиссияның қарауына жібереді, ол отырыс қорытындысы бойынша министрлік бекіткен нысан бойынша субсидиялау бағдарламасына қатысушыларға тиесілі субсидиялар көлемін көрсете отырып, облыс бойынша жиынтық акті жасайды.

28. Комиссия төрағасы Комиссия ұсынған облыс бойынша жиынтық актіні үш жұмыс күні ішінде бекітеді.» ;

30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Басқарма ай сайын Комиссияның тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау нәтижелері туралы ақпаратты облыс әкімдігінің интернет-ресурсындағы арнайы

бөлімде жариялайды және бөлімге аудан бойынша тауар өндірушілерге төленген бюджет ақшасының көлемі туралы ақпарат жібереді.

31. Басқарма ай сайын, есеп беру айынан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, бірақ 20 желтоқсаннан кешіктірмей министрлікке облыс бойынша бюджеттік субсидияларды игеру бойынша есебін, тоқсан сайын – министрлік бекіткен нысан бойынша облыс бойынша субсидиялар төлеу бойынша тоқсандық е с е п т і ұ с ы н а д ы . » ;

33-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) өнімді сатқанын және сатып алушының өнімді 100% төлегенін растайтын қ ұ ж а т т а р ; » .

көрсетілген қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013 ж ы л ғ ы 14 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 9 5 7 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

А с ы л т ұ қ ы м д ы м а л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н

қ о л д а у ғ а а р н а л ғ а н с у б с и д и я л а у

қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

1. Тауар өндірушілер сатып алған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал төлінің құнын ішінара (50 % артық емес) арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

Өнім түрі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге			
	Етті тұқымдар*		Сүтті тұқымдар*	
	Бұқалар	Қашарлар және құнажындар	Бұқалар	Қашарлар және құнажындар
Отандық асыл тұқымды ірі қара мал төлі	118 000	118 000	118 000	118 000
Импорттық ірі қара мал төлі:				
Австралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдері	235 000	235 000	235 000	235 000
Еуропа елдері	154 000	154 000	154 000	154 000

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Украина		118 000	118 000
Импорттық селекциялық ірі қара мал төлі (барлық елдерден) *	118 000		

* Тауарлық мақсат үшін Ресей Федерациясынан, Беларусь Республикасынан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды ірі қара малды субсидиялауға жол беріледі

2. Тауар өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізумен байланысты шығындарының құнын ішінара (50 % артық емес) арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

Асыл тұқымды өнім түрі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
етті тұқымды сиырлар және құнажындар**	14 000
сүтті тұқымды сиырлар және құнажындар**	14 000
қойлар	1 500

** Ірі қара малдың құрама етті-сүтті бағыттағы тұқымдары үшін тауар өндірушінің аталған малды пайдаланатын мақсаттағы бағыт қолданылады.

3. Тауар өндірушілер сатып алған ұрпағының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқалар ұрығының және эмбриондар телу құнын ішінара (50 % артық емес) арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері***

Асыл тұқымды материал түрі	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
эмбрион	дана	18 000
тұқымдық бұқалар ұрығы, оның ішінде:		
отандық қос жынысты ұрық	доза	600
импорттық қос жынысты ұрық	доза	1 100
импорттық бір жынысты ұрық	доза	3 300

*** Норматив тек төл алу фактісі бойынша нәтижелі қолдан ұрықтандыру үшін пайдаланылған асыл тұқымды өнімге (материалға) қолданылады.

4. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған жалпы табында шағылыстыру үшін пайдаланатын асыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындардың құнын ішінара (50 % артық емес) өтеу бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

Асыл тұқымды өнім түрі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті бағыттағы тұқымдық бұқалар	104 000

5. Отандық құс фабрикалары ата-тектік, ата-енелік нысанды құстарды күтіп-бағатын отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан сатып алған асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен асыл тұқымды жұмыртқаның құнын ішінара (50 % артық емес) арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері****

Асыл тұқымды өнім түрі	Тәуліктік балапандар және асыл тұқымды жұмыртқа сатып алуға арналған субсидиялар нормативтері, теңге	
	ата-тектік табыннан*****	ата-енелік табыннан*****
Тәуліктік балапан (етті бағыттағы)	Сатып алу құнының 50 %-нан артық емес, бірақ 1 басқа 303 теңгеден артық емес	
Тәуліктік балапан (жұмыртқа бағытындағы)		Сатып алу құнының 50 %-нан артық емес, бірақ 1 басқа 50 теңгеден артық емес
Тауық жұмыртқасы		Сатып алу құнының 50 %-нан артық емес, бірақ 1 данасына 21 теңгеден артық емес

**** Асыл тұқымды шаруашылық (репродуктор) мәртебесін алған асыл тұқымды құс фабрикалары өткізген асыл тұқымды өнім (балапандар, асыл тұқымды жұмыртқа) субсидиялануға жатады.

***** Етті бағыттағы құс шаруашылығында ата-енелік табынды қалыптастыру үшін.

***** Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығында өнеркәсіптік табынды қалыптастыру үшін.

6. Тауар өндірушілер отандық асыл тұқымды мал зауыттарынан немесе асыл тұқымды шаруашылықтардан сатып алған отандық тұқымдардың асыл тұқымды төлінің құнын ішінара (50 % артық емес) арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

Р/с №	Асыл тұқымды жануарлардың түрлері мен тұқымдары	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Қойлар		
1.	Қазақтың биязы жүнді қойы	
2.	Қазақтың арқар мериносы	
3.	Оңтүстік қазақ мериносы	
4.	Солтүстік қазақ мериносы	
5.	Австралия мериносы	

6.	Цигай қойы	8 000 теңге, бірақ сатып алу құнының 50 %-нан артық емес	
7.	Қазақтың биязылау кроссбредті жүнді қойы		
8.	Дегерес етті-жүнді қойы		
9.	Еділбай қойы		
10.	Қазақтың құйрықты ұяң жүнді және қылшық жүнді қойы		
11.	Сарыарқа құйрықты қойы		
12.	Гиссар қойы		
13.	Қаракөл қойы		
14.	Етті меринос		
15.	Қазақтың етті-жүнді қойы		
Жылқылар			
1.	Қазақтың жабы жылқысы		40 000 теңге, бірақ сатып алу құнының 50 %-нан артық емес
2.	Көшім жылқысы		
3.	Мұғалжар жылқысы		
4.	Қазақтың адай жылқысы		
Шошқалар			
1.	Ірі ақ шошқа	15 000 теңге, бірақ сатып алу құнының 50 %-нан артық емес	
2.	Немістің асыл тұқымды шошқасы		
3.	Дюрок		
4.	Ландрас		
Түйелер			
1.	Қазақтың айыр өркешті түйесі	37 000 теңге, бірақ сатып алу құнының	
2.	Аруана	50 %-нан артық емес	
Маралдар (бұғылар)			
1.	Маралдар	30 000 теңге, бірақ сатып алу құнының	
2.	Бұғылар	50 %-нан артық емес	

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 4

қ ы р к ү й е к т е г і

№

9 5 7

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

А с ы л

т ұ қ ы м д ы

м а л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы н

қ о л д а у ғ а

а р н а л ғ а н

с у б с и д и я л а у

қ а ғ и д а л а р ы н а

2-қосымша

Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы саласындағы тауар өндірушілерге қойылатын талаптар

Р/с №	Субсидиялау бағыттары	Талаптар
-------	-----------------------	----------

1	2	3
1.	Тауар өндірушілердің асыл тұқымды және селекциялық ірі кара мал төлін сатып алуы	<p>1. Сатып алатын төлдің жасы оларды тауар өндірушіде карантинге қойған сәт , құнажындар және бұқалар – 26 айдан</p> <p>2. Сатып алынған асыл тұқымды және селекциялық төлге тиісті тұқымдар бо палата берген асыл тұқымдық куәліктердің түпнұсқасы</p> <p>3. Ветеринариялық сертификаттың/анықтаманың түпнұсқасы</p> <p>4. Сатып алу-сату/лизинг шартының түпнұсқасы және көшірмесі. Лизинг ш борышты өтеу үшін лизинг берушінің деректемелерін көрсете отырып, субс өтінім (тек лизинг шарты негізінде төлді сатып</p> <p>5. Шарт бойынша толық төлемді растайтын төлем құжаттарының түпнұсқал</p> <p>6. Төлді кіріске алу актісінің түпнұсқалары және көшірмелері (немесе к а р а н т и н н е н ш ы ғ а р у</p> <p>7. Сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өз төлінен өсіру мақсаті жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған жалпы та пайдаланылатындарын қоспағанда, асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды кем маусымында пайдалану туралы жазбаша</p> <p>8. Шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бағаланған асы бұқалардың ұрығымен жасанды ұрықтандыруда пайдалану және/немесе қолд өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдала шаруашылығында); шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бұқалардың ұрығымен 100% жасанды ұрықтандыруды пайдалану (сүтті м ж ө н і н д е г і ж а з б а ш а</p> <p>9. Асыл тұқымды мал басын ұстайтын шаруашылықтар тиісті тұқым бойынша Республикалық палатаның немесе тиісті тұқым бой палата ұсынған заңды және жеке тұлғалардың ғылыми және консалтингті шарттың түпнұсқасы және</p> <p>10. Төлді шет елден сатып алған к ДНҚ – паспортының түпнұсқасы және көшірмесі (тек асыл тұқымды</p> <p>11. Ірі кара малды табынның өсімін молайту үшін тек Қазақстан Республик жыл ішінде пайдалану туралы жазбаша міндеттеме.</p>
2.	Ірі кара малдың және қойдың аналық басының сапалық құрамын жақсартуға бағытталған селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар	<p>1. Жануарлардың бірдейлендіру нөмірінің және оларды ЖБЖ-д</p> <p>2. Ірі кара мал және қой басын АТЖ-да</p> <p>3. Асыл тұқымды ірі кара мал басын ұстайтын шар</p> <p>1) тиісті тұқым бойынша Республикалық палатаның немесе тиісті тұқым боі палата ұсынған заңды және жеке тұлғалардың ғылыми және консалтингті шарттың түпнұсқасы және</p> <p>2) Шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бағаланған асы бұқалардың ұрығымен жасанды ұрықтандыруда пайдалану және/немесе қолд өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдала шаруашылығында); шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бұқалардың ұрығымен 100% жасанды ұрықтандыруды пайдалану (сүтті м ж ө н і н д е г і ж а з б а ш а</p> <p>4. Ірі кара малды тұқымдық түрлендіруге қатысатын тау:</p> <p>1) зоотехникалық нормативтерге сәйкес асыл тұқымды тұқымдық бұқалард төлін өсіру үшін пайдалану және ротациялау (отыз бас шағылыстыру континг болмауы, бұқаны қатарынан екі шағылыстыру маусымынан ;</p> <p>2) ЖБЖ-дан алынған үзіндідегі/есептегі жазбалармен расталған, шағылысты жол бермеу мақсатында осы тауарлы табынның барлық тұқымсыз</p> <p>5. Асыл тұқымды қой шаруашы.</p> <p>1) 600 бастан кем емес аналық б</p> <p>2) шаруашылықта өсірілетін қой тұқымы бойынша маманданған бейінді ғыл ғалымның ғылыми және консалтингтік сүйемелдеуі туралы шарттың түпнұ</p> <p>3) аналық мал басын өзінің өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды</p>

		<p>ұрығымен қолдан ұрықтандыруды пайдалану және/немесе қолдан шығылысты бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды пайдалану м і н д е т т е м е ;</p> <p>4) төлдің шығу тегін растау үшін 1:10 ара қатынасында іріктеп ДНҚ-талда жазбаша міндеттеме (осы бағыт бойынша өтінімді алғашқы үш жыл б с ұ с ы н ы л а д ы) ;</p> <p>5) қолдан ұрықтандыру үшін техниканың немесе аналық мал басын қо жүргізуге дистрибьютерлік орталықпен шар</p> <p>6. Қойларды тұқымдық түрлендіруге қатысатын ш:</p> <p>1) 600 бастан кем емес аналық б</p> <p>2) зоотехникалық нормативтерге сәйкес асыл тұқымды тұқымдық қошқарлағ төлін өсіру үшін пайдалану және ротациялау (отыз бас шағылыстыру контин кем болмауы, тұқымдық қошқарды қатарынан екі шағылыстыру маусымына</p> <p>3) ЖБЖ-дан алынған үзіндегі/есептегі жазбалармен расталған, шағылыстыру бермеу мақсатында табындағы барлық тұқымсыз қошқарларды кестіру.</p>
3.	Тауар өндірушілердің ұрпағының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрықтарын сатып алуы мен пайдалануы және эмбриондарды телуі	<p>1. Малдардың бірдейлендіру нөмірінің және оларды АЖБ-да</p> <p>2. Мал басын АТЖ-да тіркеу,</p> <p>3. Өнімге (тұқымдық бұқалардың ұрығы, эмбриондар) берілген асыл сертификаттың) түпнұсқасы және</p> <p>4. Ветеринарлық сертификаттың/анықтаманың түпнұсқасы</p> <p>5. Тұқымдық бұқалардың ұрығын пайдалану туралы/эмбриондарды тел түпнұсқасы және</p> <p>6. Төлді әкелу туралы актінің түпнұсқасы және көшірмесі/ төлдеу журналын төлді</p> <p>7. Алынған төлді АТЖ-да және ЖБЖ-да тіркеу.</p>
4.	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған, жалпы табынды шағылыстыру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды етті тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	<p>1. Етті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаға арналған асыл тұқымдық және</p> <p>2. Асыл тұқымды тұқымдық бұқаға арналған ветеринариялық сертификатын түпнұсқасы және</p> <p>3. Тиісті ауылдық округ әкімі растаған жеке қосалқы шаруашылықта қалыптастырылған жалпы табында осы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды жөніндегі елді мекен тұрғындары жиыны</p> <p>4. ЖБЖ-дан алынған үзіндегі/есептегі жазбалармен расталған, шағылыстыру бермеу мақсатында табындағы барлық тұқымсыз қошқарларды кестіру.</p>
5.	Тауар өндірушілердің ата-тектік, ата-енелік нысанды құстарды күтіп-бағатын отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан етті және жұмыртқаны бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен асыл тұқымды жұмыртқаны сатып алуы	<p>1. Сатып алынған асыл тұқымды тәуліктік балапандарға және асыл тұқымды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы таныған асыл түпнұсқасы және</p> <p>2. Ветеринариялық сертификаттың/анықтаманың түпнұсқасы</p> <p>3. Асыл тұқымды өнімді сатып алу-сату шартының түпнұсқасы</p> <p>4. Төлем құжаттарының түпнұсқалары және кассалық кіріс ордері немесе ша төлеуді растайтын банктің төлем</p> <p>5. Асыл тұқымды төлді кіріске алу актісінің түпнұсқасы және көшірмесі (нем карантинді алып тастау</p> <p>6. Торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы.</p>
	Тауар өндірушілердің отандық асыл тұқымды зауыттардан немесе асыл	<p>1. Сатып алынатын асыл тұқымды төлдің жасы шарт жасасқан сәтте мынад қойлар: тұсақтар – 18 айға дейін; қошқарлар – жылқылар: байталдар – 3 жасқа дейін; сәуріктер – түйелер: ұрғашылар – 3 жасқа дейін; аталықтар – шошқалар: ұрғашылар – 12 айға дейін; аталықтар маралдар: ұрғашылар – 18 айға дейін, аталықтар (жаңа туылғанда</p> <p>2. Сатып алынған асыл тұқымды төлге берілген асыл тұқымды куәліктің түпнұсқасы және</p>

6.	тұқымды шаруашылықтардан отандық тұқымның асыл тұқымды төлін сатып алуы.	3. Ветеринариялық сертификаттың/анықтаманың түпнұсқасы 4. Сатып алу-сату/лизинг шартының түпнұсқасы және көшірмесі. Лизинг ш берушінің деректемелерін көрсете отырып негізгі берешекті өтеу үшін субсид (тек лизинг шарты негізінде асыл тұқымды төлді сатып 5. Шарт бойынша толық төлеуді растайтын төлем құжаттарының түпнұсқал 6. Асыл тұқымды төлді кіріске алу актісінің түпнұсқасы және көші өндірушілердің карантинді алып таст 7. Сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өз төлінен өсіру мақсаты уақыт колдану туралы жазбаша міндеттеме (өндірушілерге - 2 шағылыстыру м
----	--	---

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 957 қаулысына

3-қосымша

Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру

мақсатында субсидиялау

қағидаларына

1-қосымша

1.Бюджеттік субсидиялар нормативтері

№ р/с	Өнімнің түрі	Өз өндірісінен өткізілген өнімінің 1 килограммына, 1 данасына берілетін бюджеттік субсидиялар нормативі, теңге
1.	Сиыр еті – I деңгей	220
2.	Сиыр еті – II деңгей	170
3.	Сиыр еті – III деңгей	120
4.	Қой еті	100
5.	Жылқы еті	92
6.	Шошқа еті – I деңгей	98
7.	Шошқа еті – II деңгей	60
8.	Құс еті – I деңгей	70
9.	Құс еті – II деңгей	66
10.	Құс еті – III деңгей	50
11.	Күрке тауық еті	105
12.	Жұмыртқа – I деңгей	3
13.	Жұмыртқа – II деңгей	2,6
14.	Жұмыртқа – III деңгей	2
15.	Сүт – I деңгей	25
16.	Сүт – II деңгей	15
17.	Сүт – III деңгей	10
18.	Қымыз	60
19.	Шұбат	55
20.	Жүн (биязы)	130

2. Шырынды және кесек азықтың құнын арзандатуға арналған бюджеттік субсидиялар нормативі

№ р/с	Түрі	Сыырдың 1 басына бюджеттік субсидиялар нормативі, теңге
21.	Ірі қара мал	4 500

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 3 жылғы 1 4 қыркүйектегі
 № 9 5 7 қаулысына
 4-қосымша
 М а л шаруашылығы өнімінің
 ө н і м д і л і г і м е н с а п а с ы н
 а р т т ы р у м а қ с а т ы н д а
 с у б с и д и я л а у қағидаларына
 2-қосымша

Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар

№	(1-денгей)	(2-денгей)	(3-денгей)
1	Сыыр егін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Бір мезгілде кемінде 3 000 бас ірі қара малды бордақылайтын қуаты бар және инфрақұрылымы дамыған мамандандырылған алаңның болуы; малды күтіп-бағуға арналған қоралар; науалар; науа алдындағы бетон жиек; сумен жабдықтау көздерінің болуы және автоматтандырылған суару көзімен қамтамасыз етілуі; нәжіс массасы мен қар суын шығарып тастауға арналған мүйісі бар дренаждық жүйе; жемшөп дайындау және жемшөп	Бір мезгілде кемінде 1 500 бас ірі қара малды бордақылайтын қуаты бар және инфрақұрылымы дамыған мамандандырылған алаңның болуы; малды күтіп-бағуға арналған қоралар; науалар; науа алдындағы бетон жиек; сумен жабдықтау көздерінің болуы және автоматтандырылған суару көзімен қамтамасыз етілуі; нәжіс массасы мен қар суын шығарып тастауға арналған мүйісі бар дренаждық жүйе;	Бордақыланған ірі қара малдың соңғы 12 айда өткізілген саны кемінде 400 басты құрады. Ірі қара малды бордақылауға арналған мамандандырылған үй-жайдың немесе алаңдардың болуы; малды күтіп-бағуға арналған қоралар; науалар; сумен қамтамасыз ету;

	тарату техникасының/ жабдығының, сондай-ақ жемшөп сақтау қоймасының болуы; бекіткіші бар жіктегіштің, таразы құрылғысының болуы; ветеринариялық пункттің болуы.	жемшөп дайындау және жемшөп тарату техникасының/ жабдығының, сондай-ақ азық сақтау қоймасының болуы; бекіткіші бар жіктегіштің және таразы құрылғысының болуы; ветеринариялық пункттің болуы.	жемшөп дайындау техникасы; мал үшін жіктегіш және таразы құрылғысы;
2.	Бұқашықтардың (союға өткізілетін) тірідей/сойыс салмағы кем емес:		
	450/235 кг*	420/220 кг*	400/210 кг*
3.	Әр бұқашықты бордақылау мерзімі кем емес:		
	оңтүстік өңірлер үшін 45 күн	солтүстік, шығыс, батыс және орталық өңірлер үшін 90 күн	
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
5.	Бордақыланатын мал басын Қазақстан Республикасының бірыңғай сәйкестендірілген деректер базасында тіркеу		
2	Қой етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға қойдың аналық басының (екі жастан ересек) 600-ден кем емес болуы		
2.	Қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы		
3.	Қойдың (союға өткізілетін) тірідей салмағы 42 кг кем емес* болуы тиіс		
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
3	Жылқы етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға жылқының аналық басының (үш жастан ересек) 75 бастан кем емес болуы		
2.	Жылқының (союға өткізілетін) тірідей салмағы 350 кг кем емес болуы тиіс		
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
4.	Шошқа етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
	(1-деңгей)	(2-деңгей)	
1.	Бір мезгілде бордақылауда 3000 бастан кем емес бастың болуы	Бір мезгілде бордақылауда 1000 бастан кем емес бастың болуы	
2.	Мыналардың : шошқа басының (мал басын толықтыратын төл және аналық мегежін); өндіріс алаңдарын автоматтандырудың (жемшөп тарату, суару және микроклимат желісі); мал соятын цехының; құрама жем цехының; таразы құрылғысының болуы.	Мыналардың : мал соятын пунктінің (цехының); таразы құрылғысының болуы.	
3.	Шошқаның тірідей салмағы (союға өткізілетін) 100 кг кем емес*		
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		

5. Құс етін өндіретін тауар өндірушілерге:			
	(1-деңгей)	(2-деңгей)	(3-деңгей)
1.	2007 жылдан бастап пайдалануға берілген жаңа құс фабрикасы немесе негізгі жабдығы бойынша жаңартудан өткен жұмыс істеп тұрған құс фабрикасы.		
2. Өндірістің жылдық көлемі кем емес:			
	15 000 тоннадан	8000 тоннадан	1 500 тоннадан
3.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы.		
4.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы		
5.	Құс сою желісінің болуы (сою цехы)		
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
6. Күрке тауық етін өндіретін тауар өндірушілерге:			
1.	2007 жылдан бастап пайдалануға берілген жаңа құс фабрикасы және/немесе негізгі жабдықтары бойынша жаңартудан өткен жұмыс істеп тұрған құс фабрикасы.		
2.	Өндірістің жылдық көлемі 3 000 тоннадан кем емес		
3.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы		
4.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы		
5.	Құс сою желісі (сою цехы)		
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
7. Тауарлық жұмыртқа өндіретін тауар өндірушілерге:			
	(1-деңгей)	(2-деңгей)	(3-деңгей)
1.	2007 жылдан бастап пайдалануға берілген құс фабрикасы және/немесе негізгі жабдық бойынша жаңартудан өткен жұмыс істеп тұрған құс фабрикасы		
2.	Жұмыртқаны сұрыптауға, белгілеуге және салуға арналған автоматты машинаның болуы		
3. Тауарлық жұмыртқа өндірісінің көлемі жылына кем емес:			
	100 млн. данадан	40 млн. данадан	20 млн. данадан
4.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы.		
5.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы		
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
8. Сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілерге:			
	(1-деңгей)	(2-деңгей)	(3-деңгей)

1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың меншікті аналық басының (2 жастан ересек) болуы:		
	400 бастан кем емес	400 бастан кем емес	100 бастан кем емес
2.	Сауын сиырлар мен құнажындардың орташа жылдық саны (алдыңғы жылдың қорытындысы):		
	350 бастан кем емес	240 бастан кем емес	60 бастан кем емес
3.	Табын бойынша орташа сауым (алдыңғы жылдың қорытындысы):		
	4500 кг кем емес**	3250 кг кем емес	2500 кг кем емес
4.	Тиісті инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы сүт кешенінің (механикаландырылған сауу, көң шығару және жемшөп тарату, автосуару және жемшөп цехы) болуы	Машиналы сауудың болуы	
5.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
6.	Малдардың бірдейлендіру нөмірлерінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай сәйкестендіру деректер базасында тіркеудің болуы		
9.	Қымызды өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға жылқының аналық басының (үш жастан ересек) 35 бастан кем емес болуы		
2.	Сауын биенің орташа жылдық басы 20 бастан кем емес		
3.	Қымыз өндіретін цехтың (қымыз жинау және (немесе) өндіру бойынша үй-жай, сыйымдылық) немесе цехқа жеткізу шартының болуы		
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
10.	Шұбат өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға түйенің аналық басының (үш жастан ересек) 30 бастан кем емес болуы		
2.	Сауын інгендердің орташа жылдық басы 15 бастан кем емес		
3.	Шұбат өндіретін цехтың (шұбат жинау және (немесе) өндіру бойынша үй-жай, сыйымдылық) немесе цехқа өткізу шартының болуы		
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
11.	Биязы жүнді өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға қойдың аналық басының (екі жастан ересек) 600 бастан кем емес болуы		
2.	Қойларды күтіп-бағуға, сондай-ақ қырқуға арналған үй-жайлардың болуы		
3.	Қырқылған жүннің физикалық салмағы (алдыңғы жылдың қорытындысы) 3,2 кг кем емес		
4.	Жүннің сапасы 60-64 сападан кем емес ****		
5.	Биязы жүнді бастапқы қайта өңдейтін кәсіпорындарына биязы жүнді өткізу		
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру		
12.	Шырынды және кесек азықты субсидиялау үшін мал шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілерге:		
1.	Ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі 30 бастан кем емес аналық мал басының болуы		
2.	Мал азығы дақылдарының және (немесе) шабындық (шабылатын) алқаптың және (немесе) мал азығын сатып алу шартының болуы		
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу		

4. Малдың бірдейлендіру нөмірінің және зоотехникалық оқиғаларды енгізе отырып, селекциялық және асылдандыру жұмыстарының ақпараттық базасында тіркеудің болуы

Е с к е р т п е :

* Малдың (союға өткізілетін) тірідей/сойыс салмағы тауар өндіруші (малды сою жөніндегі) қызметтерін пайдаланған, есептік алу нөмірі (коды) бар мал шаруашылығы өнімі сатылған қайта өңдеу кәсіпорны немесе есептік нөмірі (коды) бар сою цехы берген анықтамамен расталуы тиіс.

** Талаптар өткен жылдан бастап пайдалануға берілген, тиісті инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы сүт кешендеріне таратылмайды.

*** Сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілер селекциялық және асылдандыру жұмыстарының бірыңғай ақпараттық базасына тіркелуі тиіс.

**** Жүннің сапасы жүн сапасын бағалау жөніндегі зертхана берген анықтамамен расталады.